


АҚМЕШІТ

ЖАСТАРАҒЫ



Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті



– Ракхымжан Ахметжанұлы, органикалық химия несімен ерекше? Аталған бағытты аймақ өндірісімен қалай байланыстыра едіңіз?

– Органикалық химия – күрделі сала. Үнемі білім жетілдіруге тура келеді. Осы мақсатпен Ресей Федерациясының Қазан қаласында магистратура және аспирантура бітірдім. Нәтижесінде химия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін иелендім.

Барлық зерттеу жұмысы өндіріс саласын ілгерілетеді. Мысалы, магистратурада өндіріске қажетті полимерді зерттедік. Нақтысы, термо-

турақтандырығыш пен пластификаторларды синтездеумен айналыстым. Бұл зерттеу материалдың сыртқы орта әсерінен, яғни ауа райы салдарынан тозбауын қамтамасыз ету үшін жасалды. Ал аспирантурада органикалық синтезге басымдық бердім. Сол арқылы дәрілік препараттарды дамытуға мүмкіндік туды.

– Білім жетілдіру мақсатында Ресей Федерациясының Қазан қаласында оқыдыңыз. Екі елдің білім беру жүйесінде неңдей айырмашылық бар деп ойлайсыз?

– Қазақстандағы білім беру саласы жылдан-жылға дамуда. Әлемдік тәжірибелер мен жаңалықтар қолданысқа еніп, білім алушыларға барлық жағдай жасалған. Әсіресе жас ғалымдарға қолдау күшейді. Басымдық зерттеу, ғылыми орта қалыптастыру бағытына

бұрылды. Мысалы, ғалымдар Scopus базасымен жұмыс істеуді назарға алып, ғылыми мақала жариялау кең өріс алды. Бұл – әлемдік үрдіс әрі ғылымды дамыту жолы.

Бірнеше жыл Ресейде білім алдым. Байқағаным, ол жақта дәстүрлі білім беру жүйесі сақталған. Ал бізде Болон жүйесі жолға қойылған. Яғни, кредиттік технология бойынша оқытылады. Аталған жүйе білім беру сапасына айтарлықтай әсер етеді деп ойламаймын. Барлығы студент ынтасы мен ұстаз білігіне байланысты.

– Қарапайым адамға жаратылыстану ғылымдарындағы жаңалық түсініксіз. Әсіресе, химиядағы зерттеу мен формулаларды ұғатындар аз. Осы орайда күрделі ғылымды халық арасына танымал ету үшін қандай әдіс қолдар едіңіз?

– Айнала химия ғажайыбына толы. Әлемді

химиясыз елестету мүмкін емес. Мұны түсіну үшін ғылымға қызығушылық болу шарт секілді. Түрлі әдістің тиімділігі де осы шарт төңірегінде талқыланса керек. Десе де химияны танымал етудің басты әдісі мектептегі білімді жетілдіру. Себебі оқушы химия пәнімен алғаш танысқанда сүйіспеншілігі оянса әрі ғылыми іргетасы берік болса, бұл салаға бейжай қарамайтыны анық.

– Университеттің инжинирингтік технологиялар кафедрасында аға оқытушы екенсіз. Шәкірттер қолға алған қай зерттеуді баса айтар едіңіз?

– Университетте көптеген ғылыми зерттеу жүруде. Мұның барлығы ұстаздар ұжымы мен шәкірттер белсенділігінің арқасында орын алды. Қазіргі таңда түрлі синтез арқылы термотұрақтандырғыш алу, ароматты қосылыстар тотықтыру арқылы оттекті

органикалық қосылыстар алу процесі қолға алынды. Бұдан бөлек көптеген жоба кезек күтіп тұр. Барлығы өндіріс пен қоғам өміріне пайда әкелетіні анық.

– Ауқымды өндіріс орындарындағы химиялық қалдықты өңдеу, залалсыздандыру ісі көңіліңіздер шыға ма? Бұл орайда қандай мәселе бар деп ойлайсыз?

– Әрине, өндіріс болсын, тұрмыстық қалдық болсын, өңдеуден өтуге тиіс деп санаймын. Бұл табиғатты қорғауға және экологиялық зардаптың алдын алуға көмектесері сөзсіз. Осы ретте өндірістің химиялық қалдықтарды залалсыздандыру ісіне ерекше мән беру керек. Әсіресе, қоғам тарапынан өндірістердің экологиялық талаптың сақтауға қадағалау нәтиже беретініне сенемін.

Мәселе де осы тұста туындауда. Қоғамда қоршаған орта мәселесіне үн қосатын белсенділер аз. Қоғамдық ұйымдар

экологияға қатысты ғаламдық және мемлекет талабының сақталуын жәті қадағалау орынды. Экология зардабын ерекше сезінген аймақ үшін де аталған ұсыныс өзекті болары белгілі.

– Өңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Берен ШАҒЫРОВА

**БАҒҚОҒЫРДА
ҚАЗАҚСТАН
ТАРИХЫ,
ҚАЗАҚ ТІЛІ
МЕН ӘДЕБИЕТІ
ОҚЫТЫЛАДЫ**

5-бет



**ТҮРКІ ЕЛДЕРІНІҢ
БІРЛІГІН
БЕКЕМДЕЙТІН
СЕГІЗ ИДЕЯ**

4-бет



**ҚЫЗЫШАДАН
ҚАЗІП БАР**

2-бет

Поэзия камшалығы: Сыр ақындарының сақары



«Жер бетіне түскен жарықшақ ақынның жүрегі арқылы өтеді» деген төмсілде терең ой жатыр. Әсілінде өлеңді өмірінің өзегі еткен қалам иелерінің болмысы көпке мәлім. Көркем кестелеп айтқан сөзі кеңірдекті кездікпен кесіп өтердей қуатты болатыны да рас. Жылулық сезсе жүрегі жібіп салатын, сұлулыққа сүйсініп өлең өретін ақын жаны қашанда терең, қашанда жұмбақ. Жалғыздықтан жабырқап құсалы болған шақта, көңіл көгіне бұлт торлап торыққан мезетте мейірімді мекен іздеп, оңашада ой бағатыны да содан. Қырық жамау жүрегінің жарасын таңып, ішкі дертін інжуге айналдырып, тіршілікке тіл бітіретініне талас жоқ.

Жұрт жадында сақталған «Жұматай қағанаты» мен ел ардақтаған «Алтынкөпірліктер» де төлтума туындысымен танылған тұлғалар. Поэзияның тарпаң табиғатына тат түсірмеуге тырысып жүрген бүгінгі жас та әдеби көштің жолын жалғап келеді. Себебі Сыр елінде ақын деген ардақты атты абыроймен арқалаған, адамдық қасиет,

ақындық болмысында өрлік бар ересі биік жандар жетерлік.

Облыстың 85 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған поэзия күндерінде бір топ ақын өнерін ортаға салды. Жоғары оқу орнының студенттерімен татымды әңгіме өрбіп, келелі кездесу болды. Телеарна түсіріліміне де қатысып, сүбелі сұхбат беру барша көрерменді сүйсінткені сөзсіз. Барша ақын-жазушылардың бір-бірін бауырға басып, ілтипат көрсетуі де жастарға өнеге. Бұл ізеттілік пен ізгіліктің ізім-қайым жоғалмауына сеп. Үш күндік сапардың қорытынды кеші Қазақстан Жазушылар Одағының концерт залында өтті.

– Сыр ақындарының әдебиеттегі орны үлкен. Оны республика мойындайды. Алматыға барған сапарымызда да мұны анық байқадық. Ел ағаларына сәлем беріп, жастармен таныстық. Рухани серпіліс алдық. Киелі сахнада өлең оқыған сәтте аңыз ақындардан қалған рухты сезіндік. Сырдың сүбелі сөзі, сұлу өлеңі алатаулықтарды тәнті етті. Алматыда үш күн бойы Сырдың поэзиясы салтанат құрды. «Күлше нан», «Бөтен қой», «Суық сезім» атты үш өлеңімді оқыдым, — деді ақын Айдар Сайлауов.

Алаштың анасы атанған аймақтан арқаланып келген ақындарды құшақ жая қарсы алған аға буынның қолдауы қандай! Сыйластық сый-сияпатта емес, алғаусыз көңілде екенін аңғартты. Шабьтпен жазылған өлеңге қанық болған көрерменнің де ықыласы ыстық.

– Әдемі кештен алған әсер ерекше. Байбота Қошым-Ноғай, Қасымхан

Бегман, Бақытжан Абызов, Бауыржан Жақып ағалар келіп, тілектестігін білдірді. Өр ақынның авторлығындағы бір-бір әннен орындалды. Сондай-ақ эстрада жұлдыздары қатысты. Кеш жоғары деңгейде өтті. Бастысы, бата мен оң баға алып, поэзиясүйер қауымның қошеметіне бөлендік, — деді ақын Аружан Оралбай.

Игі бастама әлі де жалғасын табатыны анық. Бұл парасатты поэзияның парқын түсінуге негіз.

Замира
ҚОНЫСЖАН

БІЛІМНІҢ САМАНЫ БЕНАНА БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС

– Оқушылар үйі – шығармашылықтың ортасы. Мұнда мектептегі қатаң қағида бар ма? Әлде шығармашылық еркіндік беріле ме?

– Қосымша білімнің ерекшелігі басқа білім ошағы секілді қағида жоқ. Мұнда қызметкерлердің шығармашылықпен айналысуына жағдай жасалған. Болар баланың бөлінен бұу үшін тиімді әдіс-тәсілді қолдануға құқылы. Сондай-ақ мұғалім өз пәнінен ғана емес, шығармашылық тұрғыда шыңдалғаны ләзім. Бала жанының бағбаны болғандықтан әрқайсысымен жеке жұмыс істеп, қабілетін ашу қажет. Негізгі ұстаным осы. Егер мұғалім сабаққа сәйкес бағдарламасын әзірлесе, облыстық оқу-әдістемелік орталығымен бірлесе зерделейміз. Нәтижесінде бұл мұғалімнің авторлық бағдарламасы болып табылады.



3
бетте

Қазір қызылша дөңдеп тұр. Ел бойынша статистика көңіл көншітпейді. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, жыл басынан бері 4825 адамның аталған дертті жұқтырғаны белгілі болды. Өкініштісі, балалар арасында кесел өршіген. Ал мамандардың айтуынша, қиындықтан шығудың бірден-бір жолы – вакцина.

– Қазір Қазақстанда ғана емес, әлем бойынша қызылша ауруының өршігені байқалады. 1-6 жаста осы қызылшаға қарсы вакцина алу керек. Егер 10 адамның ішінде 9 адам вакцина алмаған болса, ауру асқынады», – дейді Жұқпалы аурулардың алдын алу департаментінің бас маманы Әсемгүл Абатова.

Инфекция ауа жолы арқылы тарайды дейді маман. Вирус сыртқы ортаға сөйлеген кезде, жөтелген, түшкірген кезде бөлінеді. Оның тез тарайтыны соншалық, ауа толқынымен ғимараттың вентиляциялық жүйесі арқылы таралған жағдайлары да белгілі. Инфекция көзі – науқас адам. Ол айналасына инкубациялық кезеңнің 2-күні, бөртпелер шыққаннан кейінгі 4-күнге дейін қауіпті. Ал 5-күнгі бөртпелері бар адам жұқтырмайды деп саналады. Ал дертті артта қалдырғандар өмір бойы иммунитет сақтайды. Қызылшамен ауырған анадан туған бала 3 айға дейін бұл ауруға шалдықпайды, өйткені осы аралықта оның қанында аналық антидене сақталады екен.

Сөзімізді жалғау үшін облыстағы ахуалды тарқатсақ, 6 қарашадан бастап 1 жасқа толмаған балаларға қызылшаға қарсы қосымша иммунитет жұмыстары жүрген. Ал 2-4 жас аралығындағы



балаларға еке егу 5-інші желтоқсанда басталады. Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова Бас санитар дәрігердің



қаулысына сәйкес, қызылшамен ауырған науқаспен байланыста болған 30 жасқа дейінгі адамдар шұғыл вакцинацияланатынын

және медициналық бақылауға натынын Сонымен тіркелме- қарсы еке дерегі жоқ азаматтар келісім бойынша имундалады. 55 жасқа дейінгі медицина



қызметкерлері де ем алады. Сараптап қарасақ, республика бойынша облыс аурушандық деңгейінде 6 орынға

«Қызылша пневмония, бронхит, энцефалит сияқты асқынулармен қауіпті. Медициналық көмекке кеш жүгінгенде және қызылшамен қатар қосымша ауру болған жағдайда асқыну өлімге әкелуі мүмкін. Катаральды құбылыстармен (қызба, бас ауруы, әлсіздік) аурудың алғашқы белгілері және бөртпе пайда болған кезде дәрігермен кеңесіп, оның барлық ұсынымдарын орындау керек. Бастапқы кезеңде суық тию сияқты көрінуі мүмкін, сондықтан дәрігерге уақытылы барған жөн. Жіті респираторлық аурулардың белгілері бар балаларды мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепке жібермеу керек», – деді департамент басшысы Динара Жанабергенова.

– Қызылша індетіне шалдыққандардың басым бөлігі еке алмағандар болып отыр, олардың саны жалпы сырқаттанушылықтың 67%-ын құрады. Мәселен, жыл басынан бері облыста лабораториялық зерттеу нәтижесімен нақтыланған қызылша ауруының 708 жағдайы тіркелген. Науқастардың 611 жағдайы 14 жасқа дейінгі балалар арасында анықталса, 163-і 1 жасқа толмаған сәбилер арасында, 97-сі ересек арасында анықталып отыр. Аурудың белгілері – дене қызуының көтерілуі, мұрынның, көздің және тамақтың шырышты қабығы қабынады және теріде бөртпелер пайда болады, – деді облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының бас дәрігері Айна Мұхамбетова.

Қорыта айтқанда, қызылшаға қарсы вакцинация сізді және сіздің балаңызды аурудан қорғайды. Профилактика басты орыннан түспеу керек.

Мәлдір САБЫРЖАН

Қызылшадан қауіп бар



Сандық деректерге көз жүгіртсек, жылдың алғашқы алты айында аймақта 248 өрт оқиғасы тіркелген. Өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда бұл жағдай 21,6 процентке артқан.

«Өрт салдарынан келген материалдық шығын 100 млн теңгеден асады. Өрт оқиғасынан 3 адам қаза болса, 3 адам жарақат алды. Тіркелген 248 өрт оқиғасының көпшілігі, яғни, 134-і тұрғын үй секторында болған. Ал 62-сі аво-кө-лікте болса, нысандарда 18 өрт жағдайы



Қауіпсіздік сақтансаң, сақтайды! Сақтансаң, сақтайды! Сақтансаң, сақтайды! Сақтансаң, сақтайды! Сақтансаң, сақтайды!

тіркелді. Орман қорында 21 өрт оқиғасы болды. Биыл дала өрті тіркелген жоқ», – деген еді Қызылорда облыстық Төтенше жағдайлар департаменті мамандары.

Міне, қазір жылыту маусымының басталғанына да айға жуықтады. Нағыз сақтанатын кезең – осы сәт. Қазіргі таңда аймақтың бірқатар бөлігінде көгілдір отынға қосу жұмыстары қарқын алған. Әйтсе де, бұрын-соңды қолданыста болмаған дүниені тұрғындарға егжей-тегжейлі түсіндіріп жүрген мамандар не нәрсеге тыйым салынады, не нәрседен абай болу керектігін ұғындырып жүр. Бұл ретте Қызылорда газ тарату мекемесінің бас инженері Бекнұр Ысқақов сақтық шараларына жете мән беру керектігін айтты.

«Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 532-IV Заңының 19-бабы 1,3,5-ші тармақтарына сай пайдаланушы газ жабдығына, газ тұтыну жүйесіне уақытылы техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді қамтамасыз ету керек. Техникалық қызмет көрсетуге келісім-шарт жасаспай газды тұтынуға тыйым салынады. Өз денсаулығыңыз бен жақындарыңыздың қауіпсіздігі туралы ойлануларыңызды сұрай отырып, тұрмыста газды қауіпсіз пайдалану үшін ең алдымен, газ құралдарының, мұржалардың және де желдеткіштердің жұмыстарын қадағалап отыру, газ құралдарын қосқан кезде түтіннің мұржа арқылы тартылуын тексеру. Газбен жұмыс істейтін пештерді қосар алдында мұржасын «қалтасын» әр уақыт тексеріп, тазалап отыру керек. Мұнан соң, газды пайдаланып болғаннан кейін газ құралдарының крандарын жабуды ұмытпаған ләзім. Газ құралдарында ақау болғанда техникалық қызмет көрсетуге келісім шарт

жасасқан мекеменің қызметкерін шақыру керек, бұл жағдайда өз бетіңізбен ешнәрсе істеуге болмайды. Газ беру күтпеген жерден тоқтап қалса, тез арада газ құралдарының крандарын жауып, 109 телефоны арқылы апаттық газ қызметінің мамандарын шақыру – ең абзал шешім.

Газ құбырларын және газ қондырғыларын тексеру және жөндеу үшін үйіңізге газ мекемесінің қызметкерлерін қызметкерлерін куәлігін көрсеткен жағдайда ғана тәуліктің кез келген уақытында кіргізуді ұмытпаңыз», – дейді Б.Ысқақов. Бүгінде сала мамандары ел арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, оларға қауіптің алдын алу керектігін айтып жүр. Қазақта «Шымшық сойса да қасапшы сойсын» деген керемет сөз бар. Арнайы сала мамандарына жүгінбей, «Адамның істегенін адам істей алады» деген мотивациялық сөздің бұл жерде қисыны келмейді.

Оған қоса, ұзақ мерзімде үйде болмайтын сәттер келсе де, мамандарға жүгіну керектігі қаперде болсын. «Бір айдан көп мерзімге үйден кеткен кезде газ шаруашылығы мекемесіне хабар беру керек. Өлбетте, олардың не қатысы бар деп ойламаңыз, мамандар сіздің қауіпсіздігіңізді ойлайды. Шұғыл жағдайда не әрекет жасауға болады деген сауалға алдымен өзіңіз жауап беріп көріңізші. Алдымен, газ құбырындағы вентильді жабыңыз. Терезелерді дереу ашыңыз, өтпе жел жасаңыз. Жарық немесе тұрмыстық аспаптарды қоспаңыз, себебі ұшқын жарылыс туғызуы мүмкін. Сонан соң 109 телефоны бойынша апаттық қызметті шақырыңыз. Иә, осы тәртіппен дағдыланып, өзіңізді әркез сақдай сай тәрбиелеп, отбасы мүшелерінің де қауіпсіздігіне атсалыса аласыз», – дейді Бекнұр Ақылбекұлы.

Мамандардың айтуынша, көп жағдайда өрт оқиғасы жанып тұрған отты қараусыз қалдырған кезде орын алады. Пайдалану ережелерін, нұсқаулықты қатаң сақтау – өзіңіз үшін маңызды. Міне, бұл ретте сала мамандары жеке тұрғын үйді көгілдір отынға қосу кезінде барлық талапқа сай ережелерді түсіндіріп жүр. Әйтсе де, ары қарайғы әрекет тұтынушының өзіне байланысты.

«Рас, бұрынғы бейнеттен құтылып, қолымызды жылы суға малып отырмыз. Заманның игілігі деп осыны айт. Бірақ қанша жерден пайдалы болғанмен, қауіптілігін де ұмытпай, әркез сақтық шараларын қаперде ұстау керек. Біз отбасымызбен мұқият түсініп алдық. Мамандарға алғысымыз зор», – дейді жосалылық тұрғын Айгерім Есенбаева.

Тілсіз жау деп аты айтып тұрған оқыс оқиғадан

Газ плитаның жылыту үшін пайдалануға тыйым салынады

Газ құбырына қабін –кешек келтіруге тыйым салынады

Газ плитаның ашық отынға қол бермеуі

Газ плиталары өңір жөндеуге тыйым салынады

Жалын көк түсті болу тиіс

Жалын қызыл түбінен көк болу тиіс

Газ құбырына қабін күрделі және таза болу

Жалын өшкірне пешті қосынды

Жалын өшкірне пешті қосынды

Жалын өшкірне пешті қосынды

Өрканан кішкене терезе ашық болу

Түйілімдері күрделі және таза болу

Тәулікті түрде пешті қосынды

Тартқыш барын қалғалғанын

қай кезде де сақ болу керекі айтпаса да түсінікті. Ендеше бөрімізді аспанға атсақ та, жауапкершілік жүгін сезіне жүрейік!

Дәулет ҚЫРДАН

Ауыл-аймақ отын жағып, күл шығарудан қолы босап, өркениеттің жемісін көре бастады. Иә, көгілдір отынның көңілге жылылық сыйлағаны қашан. Әйтсе де «таяқтың екі ұшы бар» демекші, бойыңызды жылытып, жаныңызға демеу болып отырған көгілдір отынның да қауіп бар екенін естен шығармаған абзал. Бүгінде пайдалы дүниенің зиянды тұсы бар екенін ұмыт қылып, қауіпсіздік шарасын сақтауды қаперге ілмегендер де жетіп артылады. Оның арты орны толмас шығынға да апаруы бек мүмкін.



Астанада Түркі мемлекеттері ұйымының Х мерейтойлық саммиті өтті. Шараға Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан мемлекеттерінің басшылары, сондай-ақ бақылаушы мемлекеттер – Венгрия және Түркіменстанның басшылары қатысты. Жиында Президент алдымен түркі бірлігін таныту үшін Қазақстанның төрағалығы «ТҮРКІ ДӘУІРІ!», яғни «TURK-TIME!» ұранымен өтетінін айтты.

– «Қазақстанның бастамасымен құрылған Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесі толыққанды беделді халықаралық ұйымға айналды. «Түркі әлемінің келешегі – 2040» атты құжат бекітілді. Ең бастысы, бауырлас елдердің бірлігін бекемдей түстік. Ортақ құндылықтарымызды төрткүл дүниеге танытық. Ендігі мақсат – өзара сенімге және бауырластыққа негізделген бірлігімізді сақтап, өскелең ұрпаққа табыстау. Түркі әлемі жаһандық ықпалы бар елдермен тең дәрежеде қарым-қатынас жасап отыр. Басқа мемлекеттер біздің ұйымның ұстанымдарына баса мән беретін болды», – деді Президент.

Түркі бірлігін таныту үшін «ТҮРКІ ДӘУІРІ!», яғни «TURK-TIME!» ұраны таңдап алынған. Осыған орай салт-дәстүр (Traditions), біріздендіру (Unification), реформалар (Reforms), ғылым (Knowledge), сенім (Trust), инвестиция (Investments), медиация (Mediation) және энергия (Energy) атты сегіз мәселеге басымдық берілді.

Бірінші басымдық – салт-дәстүр бойынша Түркі мемлекеттері ұйымының, оның құрылымдарының туын және эмблемасын бір үлгіге келтіру жайлы ұсыныс қозғалды. Өткенді ұмытпау тарихты ұлықтаудан басталатыны айтылып, құзырлы органдар беймәлім деректерді бірлесіп зерделеуге уағдаласты. Себебі ортақ тарихта әлі де толық зерттелмеген ақтаңдақтар бар. Екіншіден, Түркі мемлекеттерінің қатар дамуы өзекті. Бұл орайда мемлекет стандарттары және терминологиясын жүйелеу маңызды болмақ. Президент бұл ретте модельдік заң жобасын қысқа мерзім ішінде қарап, оны мақұлдауға шақырды. Бұл бастама тауарларды ортақ нарыққа еркін шығаруға жол ашады. Бұдан бөлек, Түркі мемлекеттері ұйымының Референттік орталығын құру күн тәртібіне шықты. Бұл орталық өнімді сынау нәтижелерін өзара



тануға, сондай-ақ химия және тамақ өнеркәсібі салаларында жаңа зерттеулерді жүргізуге мүмкіндік бермек.

Ал үшінші басымдық – реформалар бойынша Орталық сайлау органдарының консультативтік кеңесін құру өзекті. Ал ғылыми әріптестік бойынша Президент «Елдерімізде әлемдегі үздік университеттердің филиалын ашуды ұсынамын. Бірлескен ғылыми шаралар өткізіп, тәжірибе алмасу керек. Жасанды интеллектті, цифрлық және

оның қаншалықты мән-маңызға ие екенін айшықтап тұр. Жетінші бағытта қамтылған медиация тақырыбының рөлі айтпаса да түсінікті. Жиында

ТҮРКІ ЕЛДЕРІНІҢ БІРЛІГІН БЕКЕМДЕЙТІН СЕГІЗ ИДЕЯ

Палестинаға гуманитарлық көмек ретінде 1 миллион доллар бөлу туралы шешім қабылданғаны хабарланды.

– Солтүстікте Ресей мен Украина, Таяу Шығыста Израиль мен Палестина арасында қанды қақтығыс болып жатыр. Ауғанстанның жағдайы да тұрақсыз. Батыста заңсыз көші-қон мәселесі ушығып тұр. Бүгінде Газа Секторындағы бейбіт тұрғындар, әсіресе, балалар және қарттар жанжал азабын шегуде. Ондаған жыл бойы шешімін таппаған өзекті мәселелерді зорлық-зомбылық көрсету және лаңкестік әдістер арқылы шешу мүлдем дұрыс емес. Қазақстан мұндай тәсілдерді қатаң айыптайды. Біз үшін әр елдің аумақтық тұтастығын сақтау және оның ішкі ісіне қол сұқпау – басты басымдық. Халықаралық құқық нормаларын сақтай отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің қарарларын мүлтіксіз орындау маңызды. Қазір Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің қызметі тоқырауға түскені жасырын емес. Осындай кезде Бас Ассамблеяның рөлін

аэроғарыш өнеркәсібін дамытуға ерекше назар аударған жөн» деген пікір айтты.

Бесінші басымдық сенімге құралған. Аумалы-төкпелі заманда халықаралық ахуал тұрақсыз. Осындай алмағайып кезеңде түркі жұртының бірлігін бекемдей түсу аса маңызды болып отыр. Бұл ретте қару-жарақ және есірткі саудасына, терроризм мен экстремизмге, көші-қонға қатысты сын-қатерлер көбейді. Мұндай қауіптің алдын алу үшін қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық одан әрі нығаяды. Осы орайда келесі жылы Астанада Қауіпсіздік кеңесі хатшыларының 3-інші отырысы өтпек.

Маңызды бағыттардың ішінде инвестиция мәселесінің ауқымы кең және Астана қаласына Түркі әлемінің Қаржы орталығы мәртебесін беру туралы бастаманың қолдауға ие болуы

күшейту керек. Бұл ретте Қауіпсіздік Кеңесін реформалау ісінде мейлінше сындарлы болу қажет. Біздің ойымызша, бұл маңызды орган әлемнің барлық аймағын қамтитын мемлекеттермен толығырақ тиіс. Бұл тұрғыда түркі интеграциясын бекемдей түсуге мән берген абзал, – деді мемлекет басшысы.

Келесі кезекте Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан ЕО-ның Украинаны одан әрі қаржыландыру жоспарын сәтсіз екенін атады. Ол Еуропаның Украинаны қару-жарақпен қамтамасыз ету тактикасы енді іске аспайтынын және бұл тактиканың Путинді тоқтата алмайтынын жеткізді.

«Әрине, бұл сәтсіз жоспар. Амбициясы мықты, бірақ сәтсіз. Бұл жоспар жүзеге аспайды және осы уақытқа дейін нәтижесін көрген емеспіз. Еуропалық саясаткерлердің кемшілігі осында, біз шындыққа бетпе-бет келіп, «Б» жоспарын жасаймыз ба, жоқ па? Кейбір елдер қазір істеп жатқанымызды жалғастырайық десе, басқалары «Б» жоспарын ұсынып жатыр. Қазір Украинаға 50 миллиард еуро бөлу идеясы бар. Бұл

алдыңғы стратегияның сәтсіз болғанын, оны жалғастыру керектігінің және одан да көп ақша бөлу қажет екендігінің белгісі. Енді бұл пікірталас Еуропалық Одақ ішінде үлкен дау тудырып отыр және осы дау тағы бір-екі ай жалғасады. Бірақ мен Мажарстанның «Б жоспарын» қолдайтынын айтқым келеді. Біз бейбітшілікке, Украинаға да, Ресейге де қолайлы қауіпсіздіктің жаңа инфрақұрылымын жасауға шақырамыз», – деді Орбан.

Жиында энергия қорын үнемдеу мәселесіне де баса мән берілді. Бұл бағытта Биыл Қазақстанда Халықаралық энергетика форумын өткізу ұсынылды. Сонымен қатар 2026 жылы Қазақстанның бастамасымен климат мәселесіне арналған аймақтық саммит өткізу жоспарланып отыр.

A.СНАДИН



түрмесінің тұтқыны Наргес Мохаммадиге «Ирандағы әйелдердің қысымына қарсы күресі және адам құқықтары мен бостандығын насихаттаудағы күресі үшін» берілді. Демократияның дамуына үлес қосқаны үшін әлемдік деңгейдегі марапат мінберіне көтерілген ол осы бағытта «Ирандағы әйелдер мен бала құқықтарын қорғағаны үшін» 2003 жылғы Нобель бейбітшілік иегері атанған Шырын Эбадиден кейін осы марапатқа ие болып отырған екінші ирандық атанды. Наргес Мохаммадиді марапаттау Ирандағы «Әйел. Өмір. Бостандық» қозғалысына

Бақ шаба ма, бап шаба ма деп төрткүл дүние көз тіккен атақты Нобель сыйлығын алу – ең жоғары атақ пен марапаттардың бірі. Өлем жұртшылығының алдында осынау марапатқа ие болу бақыты биыл да жолдан адасқан жоқ. Негізінен аталған сыйлық жыл сайын дәстүрлі түрде физика, химия, медицина, әдебиет, экономика, бейбітшілік салаларында жетістікке жеткен ғалымдарға, қайраткерлерге беріледі.



Нобель сыйлығына биыл қолы жеткен лауреаттарға тоқталайық. Нобель бейбітшілік сыйлығы ирандық құқық қорғаушы және елдегі әйгілі Эвин

Нобелдік комитеттің құрметі ретінде қарастырылды. Асыл мамандық қатарындағы медицина саласы бойынша лауреат атану құрметі Каталин Карико және Дрю Вайсменге бұйырды. Нобель комитеті оларды әлемді дүр сілкіндірген COVID-19-ға қарсы вакцина жасауға көмектескен



БИЫЛ «НОБЕЛЬ СЫЙЛЫҒЫ» КІМГЕ БҰЙЫРДЫ?

ғылыми жаңалығы үшін марапаттаған. Физика бағытындағы марапатты Пьер Агостини, Ференц Крауш және Анна Л'Улье есімді ғалымдар алды. Олар 2001 жылы аттосекундтық физика саласының негізіне айналған сәтті эксперимент жасауымен танылған. Ғылыми қауымдастық ғалымдардың еңбегіне «атомның ішіне үңілуге мүмкіндік берді» деген баға берген. Ал химия саласындағы биылғы Нобель сыйлығының лауреаттары америкалық ғалымдар – Мунджи Беуенди, Луи Брус және Алексей Екимов. Ғалымдарға марапат «кванттық нүктелерді ашқаны және синтездегені» үшін берілген.

Әдебиет бағыты бойынша марапат норвег драматургі Ион Фоссеге берілсе, экономика саласында Нобель сыйлығына америкалық зерттеуші Клаудия Голдин лайық деп танылды. Нобель комитетінің мәліметінше, марапат «Еңбек нарығындағы әйел рөлі ұғымын түсінуге» қосқан үлесі үшін берілді. Оның еңбектері кейінгі 200 жылдағы еңбек нарығындағы гендерлік теңсіздіктің себептерін зерттеуге арналған. Өткен ғасырларда әйелдер еңбегі туралы ресми ақпарат болмағандықтан, авторға

архив қорларынан дереккөзді іздестіру және мәліметтер базасын құру үшін нақты детективтік зерттеу жүргізуге тура келген. Міне, сол қажырлы еңбегі әйелдер мен ерлер арасындағы жалақы мен мансаптық мүмкіндіктердегі алшақтықты біртіндеп азайтуға көмектесті.

Айта кетейік, 1901 жылдан бастап үздіксіз беріліп жүрген марапат – ғалымдардың жылдар бойғы еңбегінің мойындалуының көрінісі. Мұндай мәртебелі марапатқа ие болғандардың көпшілігі – АҚШ азаматтары. Бүгінге дейін Нобель сыйлығына 412 америкалық ие болған. Ең көп лауреат атанған елдер бойынша АҚШ-тан кейін 137 лауреаты бар Ұлыбритания және 115 лауреаты бар Германия орналасқан. Оның үстіне, Нобель лауреаттары шыққан ғылым ордалары санынан да Гарвард, Стэнфорд, МІТ сынды АҚШ университеттері алдыңғы қатарды иеленген.

Кез келгеннің ұсынысына түсе бермейтін марапатқа ұсынылғандар туралы ақпарат жарты ғасыр бойы құпия сақталады. Тек 50 жыл уақыт өткеннен кейін Швед академиясы мұрағаттарды ашады. Мәселен, 2017 жылдың қаңтар айында ақын Анна Ахматованың Нобельге ұсынылғаны анықталды. Әдебиет саласы бойынша 1966 жылы ең мәртебелі атаққа үміткер болған ақын есімі 5 наурыз күні өмірден өтуіне байланысты тізімнен алынған. Ал құнды сыйлықтың ең жас лауреаты – 17 жастағы Малала Юсуфзай есімді қыз. Пәкістандық бойжеткен мұсылман елдерінде әйелдерге білім алу құқығының берілуі жолында күрескен. Оған жоғары марапат 2014 жылы бейбіт өмір жолында жүргізілген күресі үшін табысталған. Юсуфзай 11 жасынан бастап BBC арнасында блог жүргізу арқылы танымал болған.

Сыйлық математиктерге берілмейді. Себебі Нобельдің пікірінше, марапатқа лайықты жаңалық немесе өнертабыс адамдарға пайдалы болу керек.

Дайындаған Аян СПАНДИЯР

МИНИСТР УНИВЕРСИТЕТ ЖАТАҚХАНАЛАРЫМЕН ТАНЫСТЫ



Ғылым және жоғары білім министрі Саят Нұрбек Қызылорда облысына жұмыс сапары барысында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің жатақханаларымен танысты.

Министр алдымен «Өркеніет» жатақханасымен танысып, студенттермен кездесті. Студенттер үйінде университет жастарына 274 орын бөлінген, мұнда жалпы саны 255 білім алушы орналасқан. Саят Нұрбек шәкірттердің жағдайымен жете танысып, жастардың ұсынысын тыңдады. Кездесу барысында республика бойынша студенттердің жатақханамен қамтылуы басты назарда екенін, өңірлерде бұл мәселе шешім тапқанын атап өтті. Мұнан кейін министр «ДилМаш» жатақханасындағы жастармен кездесті. Жатақхана 170 орынға лайықталған, бүгінде мұнда 162 білім алушы қоныстанған.

Министр №5 студенттік жатақхананы да аралап, студенттердің тұрмысымен танысты. Оқу орнының №5 жатақхана ғимараты 400 студентке арналған, 386 білім алушы орналасқан. ЖОО өкілдері жатақханадағы жастардың білім алуына, бос уақытын тиімді өткізуіне бар жағдай жасалғанына тоқталды. Жатақханадағы бөлмелер 2-4 адамға арналған, қажетті жиһаздармен қамтылған. Ғимаратта семинар-тренинг өткізуге арналған кабинеттер, кітапхана және компьютерлік сыныптар, асхана, кір жуатын бөлме, теннис залы бар. Ал, аулада спорттық жаттығулар жасауға арналған алаң бар, сонымен бірге биыл жаңа футбол алаңы пайдалануға берілген.

693 МЫҢНАН АСТАМ АЗАМАТ САҚТАНДЫРЫЛҒАН



Аймақтың 129 мыңнан астам тұрғыны МӘМС жүйесінен тыс қалып отыр. Олар – 12 айға төлемеген азаматтар және жұмысшылар санатындағылар. Бұл туралы облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен өткен МӘМС мәселелері жөніндегі өңірлік штаб отырысында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры облыстық филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов мәлімдеді.

Спикердің айтуынша, бұл халықтың 84,3% құрайды. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті жеделік 87%-ға дейін жеткізу қажет. «Өңір халқының осы жүйеде сақтандырылмаған 15,7%-ы медициналық көмектің толық көлемін ала алмайды, бұл 129 мыңнан астам адамды құрауда. Осы сақтандырылмағандардың басым бөлігінің үлесі Қызылорда қаласы (15,4 %) және Қармақшы ауданына қарасты Байқоңыр қаласымен Төретам, Ақай тұрғындарына (22,4%) тиесілі болып отыр. Олар негізінде 12 айда жарна төлемеген азаматтар мен жалдамалы жұмысшылар санатындағылар. Мәселен, мемлекеттік кірістер Департаментінің бақылауынан тыс қалу салдарынан қыркүйек айына 43 503 тұлғадан сомасы 158 339,3 мың теңге МӘМС төлемдерінің уақытылы түсуі қамтамасыз етілмейді», – деді Б.Исмаханбетов.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ АШЫЛДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде СеулТех Жасанды интеллект және информатика жоғары мектебінің ашылу рәсіміне қатысты. ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саят Нұрбек, СеулТех университетінің профессоры Джесу Ким, экономика ғылымдарының кандидаты, профессор Қазыбай Құдайбергеноұлы салтанатты шараның құрметті қонағы болды.

Аймақ басшысы жерлерінің ғылым мен жоғары технологиялар саласында көшбасшы саналатын Оңтүстік Корея елі тәжірибесінің Қызылорда облысына енгізілуімен құттықтады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының «Жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін толыққанды пайдаланғанда ғана білім экономикасына қарай сапалы серпіліс жасай аламыз, елімізде кем дегенде 3 жоғары оқу орны осы саламен айналысуы керек» деген тапсырмасы жоспарды жүзеге асыруға мықты негіз болды. Мамыр айында Корея Республикасына жасаған іссапарымда Сеул ұлттық ғылым және технологиялар университетінің президентімен арнайы кездесіп, әріптестікке қатысты мәселелерді талқыладық. Сол жүргізілген келіссөздердің алғашқы нәтижесі – бүгінгі жоғары мектептің ашылуы. Қорқыт Ата университеті базасында жасанды интеллект мектебінің құрылуы – тек Қызылорда облысының ғана емес, еліміздің білім кеңістігіндегі үлкен жетістік. Аймақ экономика, ауыл шаруашылығы саласында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп ғана қоймай, білім, ғылым, IT-технологиялар, киберқауіпсіздік және компьютерлік ғылымдар саласында да жұмысты күшейте бермек. Жасанды интеллект бағытында маман даярлау Сыр өңірінен бастау алғаны бізді ерекше қуантады», – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Қызылордада СеулТех университетінің филиалы ашылғанда жыл сайын білім алушыларға арнайы грант бөлініп, студенттер IT-технология, киберқауіпсіздік және компьютерлік ғылымдар бойынша білім алады.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» білім беру бағдарламасының жанындағы «Журналист» үйірмесі «Бір белес» шарасын өткізді.

Кездесу барысында болашақ тілшілер шығармашылық қабілеттерін паш етіп, сахнада көрермен көзайымына айналды.

Сондай-ақ үйірме «Сәлеммен әлеміңді түзе» атты онлайн байқауының қорытындысын жариялады. Жеңімпаздарға жүлделі орындар табысталды. Челленджердің мақсаты – сәлемдесу салтын дәріптеу. Байқау бейнероликтерін #salemkorkut хештегі арқылы тикток желісінен тамашалауға болады.

«Көптен күткен «Бір белес» мерекелік шарасын өткіздік. Жалпы, өмірін техникамен байланыстырған жастардың әдебиетке әуес емес екенін байқау қиын емес. Ал ғылымға ынтасы жоғары жас баршылық. Тың дүние жасауға мүмкіндік, бағыт-бағдар беріп, жөн сілтеп жіберсең, ары қарай дамытып әкететін алғыр буын қалыптасқаны қуантады. Бұған бүгінгі өткен кеш дәлел. Толқыдық, дайындалдық, әр нәмірді қайта-қайта сараптаудан өткіздік. Төбрендік, өн-жырымызбен қатысушыларды тербеуге талпыныс жасадық. Нәтиже көңілден шықты», – деді Қорқыт ата атындағы университетінің аға оқытушысы Аякөз Қожамырзаққызы.

Жас журналистердің «Бір белесі»

Дәстүрлі шара 10 жылдан бері өтіп келеді. Тілге шешен талай таланттың бағын ашуға да себепкер болған мереке дарындыларға берілген мүмкіндік іспеттес. Биыл да осы үрдістен таймаған жас тілшілердің бірі ағыта өлең оқыса, бірі бойындағы қабілетпен таң қалдырды. «Үнемі ізденіс үстінде жүру шығармашыл жанның табиғи қалпы. Қазіргі таңда ізденімпаз жастардың шығармашылық бағытта дамуға деген үдерісі жанды қуантады. Олар сапалы, танымға толы ақпарат бере алатын контент иелері деп білемін. «Мен-мен» деген журналистика саласының болашақ тілшілерінің ұйымдастыруымен өткен мәдени шараның көрермені болдық. Ізімізден еріп келе жатқан жас буынға сәттілік тілеймін, – деді студент Айнұр Досжанова.



Концертте аға буын өкілдері жас журналистерге жылы лебіз білдіріп, студенттік өмірдің сәтті бастамасымен құттықтады. Бірге биік жетістіктерге жетіп, ел игілігіне жарайтын жобаларды бастайтын, әділ және адал журналист болуға шақырды.

Айнұр ДОСЖАНОВА

ХОББИДЕН СҮЙІКТІ ІСКЕ

Би – көркемдігі көз тартатын құбылыс. Бұл өнер шыдам мен төзімді талап етеді. Жақында бекзат өнерді серік еткен студент Маржан Пірмамбетпен тілдескен едік.

– 6-сыныптан бастап би өнеріне деген икемімді байқадым. Мектептегі шараларға белсенді атсалысып, әртүрлі жарысқа қатысып жүрдім. Шамамен 2017 жыл болу керек, Қызылорда қаласында биге қызығатын жастар саны арта бастады. «Touples» атты би тобына мүше іздеп жатқанынан естідім, бағымды сынап көруді шештім. Қуанышқа орай топқа қабылдандым. Жеткен жетістік те біршама. Диплом мен алғыс хаттан үйдегі сәре босамайды, осыған қарап, шабыт алып, алға ұмтыламын. Уақыт өте келе хоббиімді болашақ мамандығым ретінде қарастырдым. Ұлттық бірыңғай тестке тынбай дайындалып, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Хореография» мамандығына оқуға түстім, – дейді Маржан.

Кейіпкерімнің мақсаты университеттен соң міндетті түрде мамандық бойынша жұмыс істеу болған. Сол себепті тәжірибе жинауға ерекше мән берген.



Маржан ұлттық нақыштағы биге қызығады. Бірақ жастардың қызығушылығы зор хип-хоп жанрын да шет қалдырмайды. Талантты қыз 2021 жылы шыңдалу мақсатында жеке би үйірмесін ашқан. Алғашында 10 шақты шәкірті болса, кейін олардың саны 200-ден асқан.

– Қызылордада тек қана ұлттық би ғана емес, заманауи биге де сұраныс жоғары. Бұлай дейтін себебім, көптеген хореографтар шығаратын композициялар бұрынғыдан өзге, заманауи. Өңірде

«Baza», «Qosyl», «Orda drive», «Double» деген хореография студиялары қарқынды жұмыс істеп, өнерлі жастардың қабілетін арттырып келеді.

«Арман деген көп белес. Біріне шықсаң, бірі бар» деп Ғабит Мүсірепов айтқандай, өмірде сан түрлі соқпақ бар. Бірақ осы тосқауыл арқылы әрбір жас өзін қамшылап, Маржан секілді алға ұмтылу керек деп есептейміз.

Нұршат НЫШАНОВА

Байқоңырдың барлық мектебінде Қазақстан тарихы, қазақ тілі мен әдебиеті пәндері білім беру стандартына қарамастан оқытылады. Бұл туралы екі елдің үкіметаралық комиссиясының отырысында айтылды.

Байқоңырда 5 мектеп қазақстандық стандарт бойынша, 7 мектеп ресейлік стандарт бойынша жұмыс істейді. Ресейлік стандарт бойынша білім беретін мектептерде 2 мыңнан аса қазақ білім алып жатыр. Енді олар Қазақстан тарихы мен әдебиетін оқиды.

«Қазір бұл пәндер Янгел атындағы №7 мектепте енгізіліп қойған. Оқыту 5, 6, 8, 9 сынып оқушылары арасында жүргізіледі. Алдағы уақытта бұл оқу пәндері Байқоңыр қаласындағы басқа да орыс мектептерінде оқытылатын болады», – деді



БАЙҚОҢЫРДА ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ, ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОҚЫТЫЛАДЫ

Байқоңыр қаласы аудандық білім бөлімінің сектор меңгерушісі Жадыра Алданова.

Президенттің «Байқоңыр» кешеніндегі арнайы өкілі Қайрат Нұртай барлық мектептегі

балалардан сауалнама жүргізілетінін айтты.

«Тілек білдіргендер осы пәндер бойынша оқытылады. Ресей тарапы кітаптармен, мұғалімдермен толық қамтамасыз етеді. Бұл біздің балаларымызға, қала балаларына біздің қазақстандық жоғары оқу орындарында әрі қарай оқуға жақсы мүмкіндік береді. Өзгерістер тек білім беру саласына әсер еткен жоқ. Олар

Байқоңырда да болды. Оның көшелерінде қазақ тіліндегі

маңдайшалар, жарнамалық және ақпараттық тақталар пайда болды. Кейінгі 30

жылда алғаш рет қала көшелеріне қазақ ақындары мен соғыс батырларының есімдері берілді», – деді ол.

